

**Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының  
Мектепалды даярлық III тобының тәрбиешісі  
Әуелбекқызы Аяжан**

**2020-2021 оқу жылы**

**Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының мектепалды даярлық IV сыныбының  
2020-2021 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі**

Білім беру салалары	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық	1.Дене шынықтыру 1,0		1.Дене шынықтыру 0,5 ҚМҚН 0,5		1.Дене шынықтыру у 1,0
Қатынас	2.Сөйлеуді дамыту 1,0 3.Орыс тілі1,0	1.Сауат ашу негіздері1,0 2.Ана тілім-дара тілім(вариатив) )1,0		1.Сауат ашу негіздері 1,0 2.Көркем әдебиет 1,0	
Ғаным			2.Жаратылыстану 1,0 3.Математика негіздері 1,0	3.Қызықты логика әлемі(вариатив)1,0 4.Құрастыру 0,5	
Шығармашылық	4.Сурет салу1,0	3.Мүсіндеу1,0 4.Музыка1,0	4.Жапсыру		2.Музыка 1,0
Әлеумет				4.Қорш.ортамен т/у 0,5	3.Өзін-өзі тану 1,0 4.Мейірімділік пен әділдік мекені(вариатив)1,0

Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі бөлімі-17сағат

Вариативтік компонент-3 сағат

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут

Ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлімді қосқандағы жалпы көлемі -20 сағат

**Ғылыми-әдістемелік жұмысының өзекті мәселесі:**

Ақпараттық техникалар негізінде оқушының құндылықты бағдарлы құзыреттіліктерін қалыптастыру,білім беруді жаңғырту деңгейінде педагогтің тұлғалық және кәсіби өсуін шыңдап, сапалы пәндік білім дәрежесінде қол жеткізу,мектептің медиаорталығын құру.

**Бастауыш әдістеме бірлестігінің тақырыбы:**

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау,сөйлеу қаблетін үйлесімді дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін қалыптастыру.

**Мақсат міндеттері:**

1. Оқу әрекетінің мазмұны арқылы шығармашылық қабілетті ашу,жетілдіру.
2. Білім мазмұнындағы ғылыми ұғымдардың үлесін арттыру.
3. Оқу үрдісінде оқушының оқу,сөйлеу қабілеттерін одан әрі дамыту.
4. Оқу- тәрбие жұмысында алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру.

**Мұғалімнің өзекті мәселесі:**

Балалардың ойлау,сөйлеу,есте сақтау қабілеттерін ойын арқылы дамыту және мектепалды даярлық сыныптарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесіне ұсынылатын  
«өтпелі» тақырыптар тізімі

№	ТАҚЫРЫПТАР
1	Мектеп
2	Менің отбасым
3	Дені саудың, жаны сау
4	Менің Қазақстаным
5	Табиғат әлемі
6	Бізді қоршаған әлем
7	Салт-дәстүрлер және фольклор
8	Біз еңбекқор баламыз
9	Әрқашан күн сөйбесін

**Мектепалды даярлық топтарында өтілетін апталық жүктеме:**

**Денсаулық білім беру саласы 3 сағат**

Дене шынықтыру-2,5

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0,5

**Қатынас білім беру саласы 5 сағат**

Сауат ашу және жазу негіздері-2

Сөйлеуді дамыту-1

Көркем әдебиет-1

Орыс тілі-1

**Таным білім беру саласы 2,5 сағат**

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру-1

Жаратылыстану-1

Құрастыру-0,5

**Шығармашылық білім беру саласы 5 сағат**

Сурет салу-1

Мүсіндеу-1

Апликация-1

Музыка-2

**Әлеумет білім беру саласы 1,5 сағат**

Өзін-өзі тану-1

Қоршаған ортамен таныстыру-0,5

**Вариативтік компонент 3 сағат**

**Күн тәртібі:**

**1. Сәлеметсіздер ме, балалар!**

(балаларды қабылдау, тексеру, ертенгілігі жаттығу, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық)

**2. Ойлайық та, ойлайық**

(ұйымдастырылған оқу қызметі)

**3. Алақай ойып!**

(Серуен, кимылды ойындар, сюжеттік-ролдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар, гигиеналық және шынықтыру шаралары)

**4. Ертеңге дейін...**

(балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас, балалардың үйге қайтуы)

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназия» КММ



**Мектепалды даярлық III сыныбының  
IX тоқсанның қорытынды  
АНЫҚТАМА ЕСЕБІ**

*Сынып жетекшісі: Әуелбекқызы Аяжан*

2021-2022 ж.

2021-2022 оқу жылындағы мектепалды даярлық III сыныбының IX тоқсанға арналған қорытынды анықтама есебі

Мектепалды даярлық III сыныбының тәрбиеленушілеріне мектеп ережесін сақтауға, үлкендермен амандасуға, достарының арасында жағымды қарым қатынас жасауға, жеке бас тазалығын сақтауға, өткен әріптерді танып баспа түрінде жазуға, дыбыстарды таллауға, кеңістікті бағдарлауға және сандарды танып жазуға, геометриялық пішіндерді атауға, сурет бойынша сұраққа жауап беруге, ауызекі және байланыстырып сөйлеуге, түстерді ажыратуға, отбасы құрамын толық атауды, сурет салуды, бояуды, жапсыруды, мүсіндеуді, музыкалық шығармаларды қабылдауға дағдыландыру жұмыстары өткізілді.

- ✓ Мектепалды даярлық III тобында күз мезгіліне байланысты «Алтын күз» ертеңгілігі өтті. Онда балалар күз мезгілінің кереметін сезініп, ата-аналар көмегімен жемістер мен көкөністерді рөлдерге бөліп сомдап тақпақтар айтып, би биледі, ән айтты, жұмбақтар шешті, ойындар ойнады.
- ✓ Оқушыларды мектебімізде ұйымдастырылып, инстаграм желісіне жарияланып жүрген фото және «Күз-мереке, күз-береке» атты байқауына қатысты.
- ✓ «Абайла, балақай» тақырыбында жолда жүру ережесіне қатысты мектеп әкімшілігінің қатысуымен іс-шара өтті.
- ✓ «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.
- ✓ «Отпен ойнама» тақырыбында өрт қауіпсіздігінің, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- ✓ 1-желтоқсан тұңғыш президент күніне «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды және тәуелсіздік күніне байланысты «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Жана жыл мерекесіне орай тәрбиеленушілерге мереке туралы түсінік беріліп, класс сағаты өткізілді. Балалармен жаңа жылдық көңіл күйде, әдемі костюмдер киіп, мерекелік іс-шараға ән айтып, би билеп, тақпақ айтып белсене ат салысты.
- ✓ 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты тәрбие сағатымыз өтті.
- ✓ 22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған «Жыл басы-Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өткізілді.
- ✓ 1 мамыр Халықтар бірлік күніне байланысты «Ұлттар достығы» атты тәрбие сағат өткізілді.
- ✓ 7-9 мамыр Отан қорғаушылар күнімен және Жеңіс күнімен балаларды құттықтап, Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсекен батырлардың ерліктерін айтып, майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларға Отан қорғауға елін жерін жаудан қорғай білуге тәрбелеу мақсатында «Жас ұландар-мақтанышы елімнің!» атты тәрбие сағат өткізілді.

Мектепалды даярлық III сыныбы оқу жылын 27 оқушымен бастады. I тоқсанды 27 оқушымен аяқтадық, оның ішінде қыз-11, ұл-16. IX тоқсанды 26 оқушымен аяқтадық.

**Барлығы – 26**

Қыз бала – 10

Ер бала – 16

Білім сапасы жөнінде мектепалды даярлық III сынып оқушыларының IX тоқсан бойынша қорытындылап айта кететін болсақ, жалпы тәрбиеленушілердің қабілеті жақсы, оқуға деген ынтасы бар. Әріптерді таниды, 1-2-буынды сөздерді оқи алады, сандарды ажырата алады, қосып азайту амалдарын орындай алады, салыстырады, санай алады (өсу ретімен, кему ретімен), түстерді ажыратады, сурет сала алады, суретке қарап әңгіме құрастырады, жазу жұмыстарын орындайды.

**Қабілеті жақсы оқушылар:**

1. Абибулла Заңғар

2. Аншибаев Мади

3. Исатаев Ерхан

4. Әміржан Әлижан
5. Асқаров Санжар
6. Асқарова Іңкәр
7. Құрманқұл Расул
8. Мамутова Зубайра
9. Матығұл Жаннұр
10. Сағындық Шыңғыс
11. Хайролла Алихан

Жеке оқушыға тоқталып кететін болсақ, Құрманқұл Расул сабаққа ынтасы өте жоғары, белсене араласып отырады. Әріптерді дыбыстарды таниды, 1-2-буынды сөздерді оқиды, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды, қосып, азайту амалдарын орындай алады, салыстырады. Жазу үлгісі де тиянақты. Сурет салғанды жақсы көреді және суретті қарандашпен біртегіс сыртына шығармай әдемі бояйды. Жаннұр ашық мінезді, адамдармен тез тіл табысып кетеді, достарыменде өте жақсы қарым-қатынаста. Өз ойын анық нақты айта алады.

Хайролла Алихан және Абибулла Заңғар құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы. Әріптермен дыбыстарды жақсы меңгерген. 1-2-буынды сөздерді оқиды. Сөздерге дыбыстық талдау жасай алады. 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды, және қосып азайту амалдарын орындай алады. Есте сақтау қабілетті өте жақсы. Жаттауларды өте тез жаттап алады. Жазу үлгісі өте әдемі, таза жазады. Берілген тапсырмаларды бірден қағып алады, әрі шапшаң орындайды. Өз ойын анық нақты айта алады.

Мамутова Зубайра сабаққа үлгерімі жақсы. Әріптермен дыбыстарды біледі, сөздерге дыбыстық талдау жасай алады, бір екі буынды сөздерді оқиды. 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды, және қосып азайту амалдарын орындай алады, салыстырады. Мади мінезі ашық, адамдармен тез тіл табысып кетеді.

Аншибаев Мәди әріптермен дыбыстарды таниды. Сөздерді буынға бөліп оқи алады. Сандарды 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды, қосып азайту амалдарын орындай алады. Жаттауларды тез жаттайды. Жазу үлгісі нашарлау, жазуына көп мән беріп, қадағалауды қажет етеді.

Сағындық Шыңғыс барлық әріптерді біледі, таниды. Сөздерді буынға бөліп, буындап оқиды. Сандарды таниды, 1-ден 20-ға дейін тура және кері санайды. Қосып азайту амалдарын орындай алады. Жазу үлгісі өте әдемі, таза жазады. Берілген тапсырмаларды жәй асықпай орындайды, бірақ ұқыпты орындайды.

Истаев Ерхан барлық әріптерді біледі, таниды. 1-2 буынды сөздерді оқиды. Дыбыстық талдау жасай алады. 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды санай алады. Қосып азайту амалдарын орындай алады, салыстырады. берілген тапсырмаларды тиянақты таза орындайды.

#### **Қабілеті орташа оқушылар:**

1. Бақыт Қажымұқан
2. Оспан Абдулазим
3. Өмірбаева Раяна

**Бақыт Қажымұқан** сабаққа деген талпынысы бар. Әріптерді таниды, біледі. Кейбір әріптерді ұмытып шатастырады. 1-ден 20-ға дейін санай алады, сандарды таниды. Қосып азайту амалдарын орындай алады. Жазу үлгісіне қадағалауды қажет етеді.

**Оспан Абдулазим** сабаққа талпынысы жақсы. Берілген тапсырмаларды тиянақты орындайды. Әріптерді шатастырады. Сандарды таниды санай алады, қосып азайту амалдарын орындай алады. Жазу үлгілері қадағалауды қажет етеді.

**Өмірбаева Раяна** әріптерді таниды. 1-ден 20-ға дейінгі сандарды таниды, санайды. Қосып азайту амалдарын орындай алады. Жазу үлгісі нашар, әдемі таза жазуға дағдыландыру қажет.

**Қабілеті төмен оқушылар:**

1. Болатбекова Сандугаш
2. Еділбаева Каусар
3. Иликбай Айзере
4. Мирзоахмадов Нурмухаммед
5. Мұрат Әбілмансұр
6. Өтепберген Айсұлтан
7. Саддулаев Жандарбек
8. Хамитова Аймира
9. Якуп Назерке

Мұрат Әбілмансұр сабаққа үлгерімі төмен. Әріптерді шатастырады, бұғындап оқи алмайды. Тек 1-ден 10-ға дейін санау біледі. Жазу үлгісі нашар қадағалап отыруды қажет етеді.

Мирзоахмадов Нурмухаммед сабаққа үлгерімі өте төмен оқушы. Өткен әріптермен дыбыстарды білмейді. Сандарды танымайды. Өз бетімен ешқандай тапсырма орындай алмайды, қадағалап отыруды қажет етеді. Сурет салудан, жапсырудан қиналады. Жазуға берген тапсырмаларды қайталап жаза алмайды, тек бастырып жаза алады. Көп қадағалауды қажет етеді.

Саддулаев Жандарбек сабақтан көп қалуына байланысты кейбір әріптерді танымайды. 1-ден 20-ға дейін санай алмайды, бірақ кейбір сандарды шатастырады. Мінезі өте ұялшақ, өте жәй баяу қимылдайды.

Якуп Назерке сабаққа деген үлгерімі төмен. Әріптер мен дыбыстарды толық білмейді. 1-ден 10-ға дейін санай алады. Қосып азайту амалдарын өз бетімен орындай алмайды қасында бірге жұмыс жасауды қажет етеді. Мінезі ұяң ұялшақ өз білгенін ойын ашық айта алмайды.

Хамитова Аймира оқуға деген талпынысы төмен. Өткен дыбыстармен әріптерді танымайды, білмейді. 1-ден 10-ға дейін санайды. Сандарды танымайды. Жазуға берген тапсырмаларды қайталап жаза алмайды, тек бастырып жаза алады. Өз бетінше тапсырмаларды орындай алмайды, қадағалауды қажет етеді.

Өтепберген Айсұлтан сабаққа үлгерімі төмен. Әріптерді шатастырады. 1-ден 20-ға дейін санай алады, сандарды таниды. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қосып азайту амалдарын орындайды.

Болатбекова Сандугаш өте ұялшақ, көп сөйлемейді қойған сұраққа жәй жауап береді. Әріптермен дыбыстарды толық білмейді, шатастырады. 1-ден 10-ға дейін санай алады. Берілген тапсырмаларды өте жәй орындайды.

Еділбаева Каусар сабаққа деген талпынысы төмен. Әріптермен дыбыстарды шатастырады. 1-ден 10-ға дейін санайды, сандарды шатастырады, берілген тапсырмаларды асықпай тым жәй орындайды. Әріптерді толық білмейді, кейбір әріптерді ұмытып қалады. 1-ден 10-ға дейін санайды.